

№ 17 ЖББОМ
09.09.2020 ж.
8 «Б» сынып
Қазақ тілі мен әдебиеті сабағы

Сабақтың тақырыбы: Талап Сұлтанбеков
«Ғажайып планета»

Оқулық: 17-20 бет

№1 тапсырма: мәтінмен жұмыс/жазушы туралы мәлімет/

**Мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап
беріңіздер: / 3мин./**

- 1.Талап Сұлтанбеков кім? Қашан және қайда дүниеге келген?
- 2.Қазақ әдебиетінің қандай жанрына үлес қосқан тұлға?
- 3.Қаламгердің қандай шығармаларын білесіздер?
- 4.Жазушы қандай спорт ойындарын насихаттаушы болған?
- 5.Т.Сұлтанбеков қайда қызмет істеген?

№2 тапсырма: интернет материалдарының негізінде Талап Сұлтанбеков туралы дәйексөздер тауып, дәптерлеріне көшіріп жазып алыңыздар / 2 мин./

сөздік жұмыс:

дәйексөз - цитата

қаламгер, жазушы - писатель

үлес қосқан - вложил вклад

насихаттаушы - просветитель

қызмет еткен, жұмыс істеген - работал

алтын әріппен тіркелді - вписано золотыми буквами

ел тарихы - история народа

түйіндеме - резюме

Түйіндеме /резюме/ жазуды үйренейік / 3мин./

18 беттегі үлгіге сүйене отырып, өзіңіз туралы түйіндеме жазып көріңіздер:

ТҮЙІНДЕМЕ

Үміткердің аты-жөні:

Туған күні, жері:

Ұлты:

Жынысы:

Мекенжайы:

Байланыс телефондары:

E-mail:

Отбасы жағдайы:

Азаматтығы:

Білімі:

Бітірген оқу орындары:

үміттеніп отырған орны:

кәсіби біліктілігі мен тәжірибесі:

РЕЗЮМЕ

ФИО:

Дата, место рождения:

Национальность:

Пол:

Адрес:

Контактные телефоны:

E-mail:

Семейное положение:

Гражданство:

Образование:

Учебные заведения,
которые окончил:

место/должность/

на которую претендует:

профессиональные качества
и опыт работы

Тілдік дағдылары:

Компьютерлік сауаттылығы:

Жеке қасиеті:

Қызығушылығы:

Қосымша ақпарат: /марапаттары/ Дополнительная

сертификаттар/ информация /награды, сертификаты/

Владение языками:

Компьютерная грамотность:

Личные качества:

Хобби:

БОЛЖАЛДЫҚ САН ЕСІМ

Болжалдық сан есім бірнеше жолмен жасалды:

1) Есептік сан есімдерге -лаған, (-леген), -даған, (-деген), -таған, (-теген), -лап, (-леп), -дап, (-деп), -тап, (-теп), -дай, (-дей), -тай, (-тей) жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. **Мысалы:**

жүздеген, отыздаған, қырықтаған мыңдап, елулеп, жетпістей, тоқсандай т. б.

2) Есептік сан есімдерге әуелі көптік жалғауы, оның үстіне жатыс септік жалғау жалғану арқылы жасалады. **Мысалы: (жасы)** елулерде, (сағат) ондарда, бестерде т. б.

3) Есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. **Мысалы:** он-он бес, қырық-елу, жетпіс-сексен, қырық-елудей, елу-елу бестерде, жүз-жүздеген т. б.

4) Есептік сан есімдерге шақты, таман, тарта, жуық, жақын сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. **Мысалы:** жүз шамалы, қырыққа жуық, он шақты, жүзге тарта, мыңға жақын

Болжалдық сан есім заттың санын болжап көрсетеді. Сұрақтары: қанша? Неше? / сколько? / қай шамалы? / приблизительно сколько? / қаншадан? / по сколько? /

Сан есім түрлері

Түрлері	Жұрнақтары	Мысалы
Реттік	-ншы, -нші, -ыншы, -інші	Бір-інші первый
Жинақтық	-ау, -еу сұрақтары: нешеу? Всего семь	Біреу, екеу, үшеу, төртеу бесеу
Бөлшектік		
Болжалдық	-дай, -дей, -тай, тей	Қырық-тай около сорока
Топтау	Образуются путем повторения числительных с окончаниями шығыс сеп в конце	Бес-бестен по пять, он-оннан по десять

IV. Өзіндік жұмыс. “Сан есім” мұхиты картасымен жұмыс. Аралдарға саяхат кешу.

